

## **«ТҮРКІСТАН» КӨПСАЛАЛЫ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІ**



**«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі  
студентіне арналған анықтамалық-жолкөрсеткіш**

**Түркістан 2020**

Анықтамалық-жол көрсеткіш колледждің ғылыми-педагогикалық Кеңесінде қаралып, бекітілген. Хаттама № 3. 28.12.2016ж.

Қайта қаралған: Хаттама № 2 02.09.2020ж.

**Құрастырғандар:** директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Баратова Е.Е.,  
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әділбаева Қ.А.

Анықтамалық-жол көрсеткіш «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінің 1-2 курс студенттеріне арналып, онда «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжіндегі оқу процесін ұйымдастыру, ішкі тәртіп ережелері, Ар-намыс кодексі, Төлұран, білім алушылардың құқықтары мен міндеттері, студенттердің өзіндік жұмысы, материалдық және ақпараттық құралдарды пайдалану тәртібі және т.б. туралы жалпы мағлұматтар берілген.

Редактор: «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінің директоры, м.ғ.к.,  
Рысбеков Қ.О.

## **«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі туралы жалпы мәлімет**

2006 жылы ашылған «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі бүгінгі таңда елімізге аса қажетті болған «Емдеу ісі» мамандығы «Фельдшер», «Акушер» біліктілігі және «Мейіргер ісі» мамандығы «Жалпы тәжірибедегі медбике» біліктіліктері бойынша орта буынды медицина мамандарын дайындауда.

2017-2018 оқу жылынан бастап «Мейіргер ісі» мамандығы «Қолданбалы бакалавр» біліктілігі бойынша орта білімнен кейінгі мамандарды дайындауды бастады.

Колледжді аталған мамандықтар бойынша бітіріп шыққан студентер, жоғары оқу орындарында білімін жалғастырса, қалғандары еліміздің түрлі өңірлерінде халыққа медициналық қызмет көрсетуде.

Колледждің білім берудегі ерекшелігі - әр білім алушыны жеке тұлға ретінде танып, мәселелерді олармен бірлесе отырып шешу.

Біздің мақсатымыз, білім алушылардың мүмкіндігі мен қабілеттерінің іс жүзінде асырылуына көмектесу және оқытушы мен білім алушы арасында сенім принципін есепке ала отырып оқу процесі барысында қолдану.

«Джи-Ай» білім беру және сауықтыру холдингіне қарасты «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжін холдинг президенті м.ғ.д., профессор, С.Ш.Шалхаров, колледждің бас директоры, м.ғ.д. Ж.С. Шалхарова атқарушы директор м.ғ.к., Қ.О.Рысбеков басқарады.

Колледжде 4 бөлім: Жалпы білім беру бөлімі, Емдеу ісі бөлімі және Мейірбике ісі, Қолданбалы бакалавр бөлімі, 8 циклдік әдістемелік комиссия жұмыс істейді.

Колледж ҚР ДСӘДМ ғылым мен адами ресурстар департаментінің 2016 жылы 9 наурызда бекітілген № 188 мейірбике ісі мамандарын дайындау жүйесін дамыту және өзін-өзі бағалау есебі бойынша жасалған Комиссия жұмысының қорытындысы негізінде **«өте жақсы»** бағамен бағаланып, «Жоғары медициналық колледжге» қайта құру туралы шешімін алды. 2016 жылдың 29 тамыз күні колледж **«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі** болды.

Он төрт жылдық тарихы бар «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінің алдында тұрған міндет - әлемдік білім кеңестігіндегі өзгерістерді сапалы пайдалана отырып, білім беру саласындағы инновациялық, интеграциялық, интерактивті технологияларға байланысты болып жатқан түбегейлі өзгерістерді әрбір студентке жете түсіндіріп, олармен жоғарғы кәсіптік деңгейде жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету.

**2018-2022 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінің МИССИЯСЫ:**

**Біз ХХІ ғасыр мамандарын даярлаймыз!**

**Өткенді бағалаймыз, бүгінгіні жасаймыз, болашақты көреміз, халықтың денсаулығын жақсарту үшін түлектеріміздің құзыреттілігін үнемі жетілдіріп отырамыз.**

Миссияны құрудағы негізгі мақсат: әлемдік деңгейде білім бере алатын дамыған медицина университеттер мен жоғары колледждер құрамына ену және Түркістан облысы аумағында республикалық көрсеткішпен салыстырғанда халыққа қызмет ететін орта буынды медицина кадрларының жеткіліксіздігін ескере отырып, қазіргі білім беру нарығына сай жоғары кәсіби медицина мамандарын дайындау болды.

### **БОЛАШАҒЫ**

Біз, болашақты көреміз. Әлемдік білім беру мен ғылым және клиникалардың үздік тәжірибесі арқылы біздің білім беру және сауықтыру холдингі өз құндылығын арттырады.

### **ЭТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Адамдарды қымбат бағалау</li> <li>2. Кәсібилікті бағалау</li> <li>3. Біз дамуды инвестициялаймыз</li> <li>4. Тәжірибе арқылы дамудамыз</li> <li>5. Жауапкершілікті қабылдаймыз</li> <li>6. Жаңалық ашамыз</li> <li>7. Жетістіктерді мақтан тұтамыз</li> </ol>
---	---

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

1. Білімдегі шеберлілік
2. Дәлелді клиникалық тәжірибе
3. Қолданбалы зерттеу
4. Әлеуметтік қызмет
5. Тиімді басқару

### ТҚЖМК-нің басшылары және құрылымдық бөлімшелер туралы ақпарат

№	Аты-жөні	Телефон	Аты-жөні
1.	«ДЖИ-АЙ» холдингінің президенті	Ішкі: 101	<b>Шалхаров Сайлаубек Шалхарұлы</b>
2.	Бас директор	Ішкі 101	<b>Шалхарова Жанар Сайлаубекқызы</b>
3.	Директор	Ішкі: 106	<b>Рысбеков Қыдырәлі Оспанұлы</b>
4.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Ішкі:107	<b>Баратова Еркiнай Егембердiқызы</b>
5.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбаары	Ішкі: 105	<b>Әділбаева Қаракөз Асхатқызы</b>
6.	Директордың әкімшілік шаруашылық ісі жөніндегі орынбаары	Ішкі: 112	<b>Нұржауов Әмір Шалхарұлы</b>
7.	Бас есепші	Ішкі:104	<b>Мәуленова Гүлжаһан</b>
8.	Өндірістік тәжірибе және біліктілікті көтеру бөлімінің меңгерушісі	Ішкі: 113	<b>Абдужаппарова Оқтам Рашидқызы</b>
9.	Оқу-әдістемелік орталықтың меңгерушісі	Ішкі: 109	<b>Рысбекова Айгүл Әбділлахқызы</b>
10	«Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі	Ішкі: 105	<b>Байтұрсынова Гүлжан Құлахметқызы</b>
11	«Медбикелік іс» бөлімінің меңгерушісі	Ішкі: 109	<b>Төлентаева Асылзат</b>

			<b>Әлібекқызы</b>
<b>12</b>	«Жалпы білім беру» бөлімінің меңгерушісі	Ішкі: 116	<b>Аймбетова Ләззат Мұзаффарқызы</b>
<b>13</b>	«Виртуалды клиника» меңгерушісі	Ішкі: 116	<b>Жексенбеков Рауан</b>
<b>14</b>	Колледж әдіскерлері	Ішкі: 110	<b>Жағыпарова Данагул Назаркулова Толғанай Қайратқызы</b>
<b>15</b>	№ 1 кафедра меңгерушісі	Ішкі: 110	<b>Сұлтанмурадов Б</b>
<b>16</b>	№ 2 кафедра меңгерушісі	Ішкі: 109	<b>Оразбекова К</b>
<b>17</b>	№ 3 кафедра меңгерушісі	Ішкі: 116	<b>Зулпхарова Ж</b>
<b>18</b>	№ 4 кафедра меңгерушісі	Ішкі: 102	<b>Нарметова Насиба Құдайбергенқызы</b>
<b>19</b>	№ 6 кафедра меңгерушісі	Ішкі: 102	<b>Бабажнова У</b>
<b>20</b>	№ 7 кафедра меңгерушісі	Ішкі: 102	<b>Ергешов Мухамедин Рахымұлы</b>
<b>21</b>	№ 8 кафедра меңгерушісі	Ішкі: 102	<b>Нағашбеков Ерлан</b>
<b>22</b>	Жатақхана меңгерушісі	Ішкі: 116	<b>Абдукаримова Баян</b>
<b>23</b>	Кітапханашы	Ішкі: 111	<b>Утегенова Әсем</b>
<b>24</b>	Кадр бөлімінің инспекторы	Ішкі: 112	<b>Утегенова Әсем</b>
<b>25</b>			

## **«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі студентінің Ар-намыс кодексі**

Мен, ХХІ ғасырда өркендеп келе жатқан Тәуелсіз Қазақ елінің азаматы(шасы) Ата Заңымызды негізге ала отырып, мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттік тілді, Қазақстан Республикасының Президентін құрметтеймін. Көп ұлтты қазақ елінің рухани астанасы Түркістанның азаматы(шасы) ретінде халқымның ата – дәстүрін жалғастыра отырып, төл тарихымыздан бастау алатын ұлыстар достастығы мен бірлігіне, ізгі ниеттілікке негізделген қоғамның мүшесі болуға ат салысамын. Жарқын болашағымның баспалдағы ретінде оқу ордамның өркендеп дамуына өз үлесімді қосамын. Жалпы адамгершілік, моральдық – этикалық ұстанымдарды басшылыққа алып, салауатты өмір салтын ұстанып, қоршаған ортаға ұқыптылықпен қараймын. Қазақстанның дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы зайырлы, өркениетті ел болуы үшін, Гиппократ антына сай, дені сау ұлттың қалыптасуына ат салысу үшін сапалы, бәсекеге қабілетті білім алуға, «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінің түлегі деген атты жоғары ұстауға ***Ант етемін, Ант етемін, Ант етемін!***

### **«Түркістан» көпсалалы медицина колледжінің ТӨЛҰРАНЫ**

***Сазы:** Бекжігіт Сердәлінікі*

***Өлеңі :** Манат Қалдарбекованікі  
Әдемау Толысбаеванікі*

Киелі елден түлеп ұшқан жастармыз,  
Колледжіміз – алтын ұя мекенім.  
Түркістанның керуенін бастармыз-  
Еліміздің жарқын етіп ертеңін.

#### ***Қайырмасы:***

Абзал жанбыз ақ желеңді,  
Адал жанбыз ақ желеңді,  
Игі істерді елімізге арнаймыз.  
Үміттерді жалғармыз біз,  
Саулық ғұмыр таңдармыз біз,  
Сенімменен биіктерге самғаймыз.

Бұл кәсіптен шын бақытты көремін,  
Үміт берген жүректерге сөнбейтін.  
Мейір жандар нағыз ерлер дер едім,  
Еңбек күнін күн мен түнге бөлмейтін.

#### ***Қайырмасы:***

**«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі  
білім алушыларының ішкі тәртіп  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ереже**

1.1. Ереже - колледжде білім алушылардың білім сапасын көтеру, сабаққа қатысуларын арттыру және еліміздің болашағына жауапкершілікпен қарайтын азаматтарды тәрбиелеу мақсатында енгізілген.

1.2 Ереже колледждің барлық білім алушыларына тиісті болып табылады.

**2. Білім алушылардың міндеттері**

- 2.1. Білім алушылар - Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы мен колледж Жарғысында бекітілген міндеттерді орындауға;
- 2.2. Колледждің ережесін, білім алушылардың ішінаралық тәртіп қағидаларын сақтауға, Педагогикалық Кеңестің шешімдерін, оқу, шығармашылық, ғылыми жұмыстарын, оларды ұйымдастыру және жүргізуді реттейтін директордың, директордың орынбасарларының бұйрықтары мен жарлықтарын орындауға, колледждің білім алушылары деген атқа лайықты болуға, жатақханада өмір сүрудің ішкі тәртіптерін сақтауға;
- 2.3. Колледжде оқытудың барлық түрінде оқитын білім алушылар білім алуға, берілген тапсырмалардың барлық түрлерін уақтылы орындауға, сынақтар мен емтихандарды оқу жоспарлары мен бағдарламада көрсетілген уақытта (аралық және қорытынды аттестация кезінде) орындауға;
- 2.4. Сабақ кестесі бойынша сабақтарға қатысуға;
- 2.5. Өзінің кәсіби және мәдени деңгейін көтеруге;
- 2.6. Колледж директоры бекіткен ережелер мен нұсқауларда көрсетілген еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік, өндірістік тазалық, еңбек гигиенасы мен өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтауға;
- 2.7. Қалыпты жұмыс жасауды қиындататын немесе кедергі келтіретін жағдайларды (апатты, басқа да төтенше жағдайлар) бөлім басшыларына тез арада хабарлауға;
- 2.8. Колледждің материалдық құндылықтар мен құжаттарды бекітілген тәртіпке сәйкес сақтауға;
- 2.9. Колледж заттарын бұзуға жол бермей сақтауға, техникалық және басқада көрнекі құралдарды тиімді пайдалануға, су, жылу, қуат көздерін және де басқа қорларды үнемді де тиімді пайдалануға;
- 2.10. Өзгелердің пікірлеріне түсіністікпен қарап, колледж оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушылардың беделі мен абыройын құрметтеуге;
- 2.11. Колледждің оқу корпусында, жатақханасында және де басқа ғимараттарында өзін лайықты ұстап, басқа студенттердің өз міндеттерін орындауға кедергі келтіретін іс-қимылдарға жол бермеуге, баршаға ортақ әдеп пен сыпайылықты сақтауға, колледждің іскерлік абыройына қамқорлық етуге;
- 2.12. Колледждің барлық оқу және басқа корпусарында тазалық, тәртіп сақтап үлгілі болуға, колледждің маңайы мен оқу корпусында және қосалқы жайларды тазалауға арналған «сенбіліктер» мен басқа да іс-шараларға атсалысуға;
- 2.13. Қоғамдық орындар мен көшелерде тәртіп сақтап, өзінің сыртқы киім үлгісін бақылауға міндетті.

### **3. Білім алушыларды оқудан шығару тәртібі**

3.1. Білім алушылар төмендегі жағдайларда оқудан шығарылады:

3.1.1. Өз еркімен;

3.1.2. Басқа оқу орнына ауысқан жағдайда,

3.1.3. Денсаулығына байланысты;

3.1.4. Колледжді бітірген жағдайда;

3.1.5. Келісім шартты бұзған жағдайда;

3.1.6. Оқу жоспарын толық орындамаған немесе 70 сағаттан көп сабақтан себепсіз қалған жағдайда;

3.1.7. Үлгерімі қанағаттанарлықсыз болған жағдайда ҚР Білім және ғылым министрінің 18.03.2008 жылғы № 125 бұйрығымен бекітілген Ереже негізінде;

3.1.8. Диплом алды тәжірибеге себепсіз 3 күннен көп қатыспаған және аттестациядан қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда,

3.1.9. Мемлекеттік емтиханнан қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда;

3.1.10. Колледждің ішкі тәртібіне бағынбаған немесе тәртібін дөрекі бұзған жағдайда;

3.1.11. Сотталғанда;

3.1.12. Академиялық демалыстан шықпаған жағдайда;

3.1.13. Қайтыс болған жағдайда.

3.2. Оқудан шығарудың 3.1.1. – 3.1.4. пункттері себепті болып есептелінеді.

3.3. Оқудан шығарудың 3.1.5. – 3.1.13. пункттері себепсіз болып есептелінеді. Білім алушы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары мен бөлім меңгерушісінің ұсынысы және тиісті актілер негізінде колледж директорының бұйрығымен оқудан шығарылады.

3.4. Білім алушының мүмкіншілігі болған жағдайда оқуды қайта жалғастыруға құқы бар.

### **4. Колледж ішінде тиым салынатын талаптар**

4.1. Сабақ кезінде дәлізде жүруге, қатты сөйлеуге, шулауға, әдепсіз сөздер айтуға және ұялы телефондарды қолдануға;

4.2. Колледждің және жеке тұлғалардың заттарын бұзуға, өзгелердің заттарын ұрлауға, бірін-бірін жәбірлеуге, басқаларға зорлық-зомбылық көрсетуге, жасауға, қорлауға, бұзақылық мінез көрсетуге (түкіру, айқайлау, дөрекілік және т.б.);

4.3. Оқу корпусында, жатақханада және олардың маңайында темекі шегуге;

4.4. Колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз колледжден әр түрлі құралдарды, басқа да заттарды алып шығуға.

### **5. Топ старосталарына қойылатын талаптар**

5.1. Топ старостасы топ жетекшісінің басшылығымен жұмыс атқарады, өз тобында барлық бұйрықтар мен тапсырмаларды орындайды.

5.2. Топ старостасы топ кураторымен ұсынылып колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.

5.3. Топ старостасының міндеттері мен жауапкершіліктері:

5.1.1. Топтағы тәртіпті сақтау;

5.1.2. Бөлім меңгерушісіне білім алушылардың сабаққа кешігуі мен сабаққа қатыспауы туралы мәлімет беру;

5.1.3. Оқу бөлмесінде мүліктер мен жабдықтардың сақталуын қадағалау;



- 5.1.4. Сабақ кестесіне енгізілген өзгерістерді білім алушыларға хабарлау;
- 5.1.5. Оқулықтар мен оқу құралдарын топтың білім алушылары арасында уақытында алу мен бөлістіру;
- 5.1.6. Топтың жетекшісіне саяси-қоғамдық, мәдени-көпшілік және спорт шараларын өткізуді ұйымдастыруға көмектесу;
- 5.1.7. Кезекшілік кестесіне сәйкес күнделікті кезекшілерді тағайындау;
- 5.1.8. Топ журналына ұқыптылықпен қарау, сақтау;
- 5.1.9. Белгіленген тәртіп бойынша топтың білім алушыларына байланысты жиналыстар мен кеңестерге қатысу;
- 5.1.10. Старостасының тапсырмалары топтағы барлық студенттер үшін міндетті;
- 5.1.11. Староста сырқаттанған жағдайда бөлім меңгерушісі немесе топ кураторына бекітілген үлгіде амбулаторлық дәрігердің немесе емдеу мекемесінің анықтамасын тапсырады;
- 5.1.12. Міндеттерін атқармаған жағдайда старостарлықтан бұйрықпен босатылып, колледж әкімшілігі тарапынан тиісті шара қолданылады.

**6. «Мейіргер ісі» мамандығы «Қолданбалы бакалавр» біліктілігі бойынша білім алушылар үшін қойылатын қосымша талаптар**

- 6.1. Білім алушыларының оқу процесі кредиттік-модульдік оқыту технологиясы бойынша жүргізіледі;
- 6.2. СӨЖ –на жоспарланған сағаттар сабақтан тыс уақытта өзіндік және оқытушымен бірге қашықтықтан оқыту технологиясымен жүргізіледі;
- 6.3. Бағдарлама бойынша сабақтардың 50 пайызы клиникалық базаларда менторлармен жүргізіледі;
- 6.4. Оқу жоспары бойынша жоспарланған циклдың 70 - 100 пайызына қатыспаған білім алушылар циклды ақылы түрде қайта оқуға (жазғы қосымша семестр) қалдырылады.

**«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі жеке мекемесінің білім алушыларға стипендия тағайындау туралы ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жалпы ереже**

1. Ереже ҚР «Бюджет туралы» Заңына сәйкес, сонымен қатар колледж әкімшілігінің ұсынысы негізінде құрастырылған.
2. Стипендия білім алушылардың:
  - үлгерім сапасын көтеру;
  - сабаққа қатысу көрсеткішін жоғары көтеру;
  - білім алуға қызығушылығын арттыру;
  - әлеуметтік көмек көрсету;
  - жекеменшік колледждің ерекшелігін көрсету мақсатында тағайындалады.

**II. Білім алушыларға демеушілік стипендия тағайындауды ұйымдастырудың тәртібі**

3. Демеушілік стипендия 2010-2011 оқу жылынан бастап келісім-шарт негізінде оқуға қабылданған білім алушыларға оқуға түскеннен соң 1 семестрден кейін емтихан сессиясының қорытындысы бойынша тағайындалады.
4. Емтихан сессиясының қорытындысы бойынша тек қана «жақсы» және «өте жақсы» бағалар алған білім алушыларға, үлгерушілерге тағайындалады.
5. Демеушілік стипендия иегерлері, жыл сайын үздік оқуымен өзінің стипендиясына құқылығын дәлелдеп отыруы керек.
6. Демеушілік стипендияға иегер білім алушының қанағаттанарлықсыз үлгерімі негізінде - оларға құрылған стипендияны одан әрі қаржыландырудан демеуші бас тартуға құқылы.
7. Колледждің ерекше білім алушыларына жылына 1 рет «Ең үздік студенті номинациясы» және «Джи-Ай» Холдингі президентінің немесе колледждің арнайы «Денсаулық» стипендиясы тағайындалады.
8. Емтихандарды қайта тапсырған білім алушыға стипендия тағайындалмайды.
9. Орынды себептермен емтихан сессиясын ұзартқандар стипендия алушы үміткерлер қатарына қосылады.
10. Ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар, мүгедектер, жетім балалар қатарындағы тәртіпті, сабақтан қалмайтын және ағымды аттестаци нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған немесе қарыздары жоқ білім алушыларға демеуші стипендия тағайындалады.
11. Сабақты (2сағаттан көп) себепсіз жіберген білім алушыларға демеуші стипендия тағайындалмайды.
12. Демеуші стипендия «өте жақсы» бағамен оқитындарға 4000 теңге, «жақсы» және «өте жақсы» бағамен оқитындарға 2000 теңге, ата-анасының қамқорынсыз қалғандар мен мүгедектерге 1000 теңгеден айына 1 рет беріледі.

**«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі жеке мекемесінің оқу процесінде кредиттік -модульдік технологиясын қолдануды ұйымдастыру туралы ЕРЕЖЕСІ**

(«Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы негізінде құрастырылған)

**Жалпы ереже**

1.1. Кредиттік оқыту технологиясы - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде оқыту.

1.2. Кредиттік оқыту технологиясы кезінде оқу жұмысының еңбек сыйымдылығының есебі оқытылатын материалдың көлемі бойынша, яғни кредит арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, әрбір пән көлемі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және үлгі оқу жоспарлары негізінде кредиттермен айқындалады.

1.3. Кредиттік оқыту технологиясы білім берудің барлық деңгейлері бойынша бұрын жинақталған кредиттердің өспелі есебін білдіретін жинақтаушы болып табылады.

1.4. Колледждің әрбір мамандығының оқу процесінде кредитті-модульдік технологияны сынақ бірліктік жүйесіне қолдануды ұйымдастыруды жүзеге асыру ғылыми-педагогикалық кеңесте шешу негізінде жүзеге асырылады.

1.5 Оқу процесінде кредиттік-модульдік технологияны сынақ бірліктік жүйесіне қолдануды ұйымдастыру келесі мақсаттарға бағытталған:

- пәнді таңдаудың кең мүмкіндігі негізінде білім алушының өзінің жеке оқу жоспарын құру кезінде қатысуының қамтамасыздандырылуы;

- оқу процесінде барлық қажетті әдістемелік материалдардың баспа және электронды түрімен толық қамтамасыздандырылуы;

- студенттердің оқу пәнін меңгерудегі бағалары үшін баллды-рейтингтік жүйені қолдануы.

1.6 Колледж барлық талапкерлерді және білім алушыларды оқу процессінің ұйымдастырылуы туралы ақпараттандыруы міндетті.

1.7 Оқу процессінің ұйымдастырылуы туралы ақпарат стенді хабарландыру ретінде баспа түрінде ұсынылады, сонымен қатар колледж сайтында орналасады.

1.8. «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінде оқу процесі барысында жалпы гуманитарлық және жаратылыстану ғылыми пәндерде кредиттік-модульдік технологиясының (КМТ) элементтері, 2017-2018 оқу жылынан бастап 0302000 - «Мейіргер ісі» мамандағаның 0302054 - «Қолданбалы бакалавр» біліктілігі бойынша КМТ толық іске асырылуда.

1.9. Сабақты немесе емтиханды белгілі себеп (ауруы) бойынша тапсырмаған студенттер құжаты болған жағдайда қайта тапсыруға жіберіледі.

1.10. Сабаққа себепсіз қатыспаған студенттер циклды ақылы түрде қайта оқуға (жазғы семестрге) қалдырылады.

**2. Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
А	4,0	95-100	Өте жақсы

A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

### 2.1. Бағаларға түсініктеме:

<b>A</b>	« <b>Өте жақсы</b> » - курстың теориялық мазмұны <b>толық</b> меңгерілген, меңгерілген материалдармен қажетті іс-тәжірибелік жұмыстар құрылған, оқу мекемесінің бағдарламасында қаралған <b>барлық</b> тапсырмалар <b>орындалған</b> , орындалған тапсырмалардың сапасыны максимумға жақын балдармен бағаланған.
<b>B</b>	« <b>Жақсы</b> » - курстың теориялық мазмұны <b>толық</b> меңгерілген, меңгерілген материалдармен қажетті іс-тәжірибелік жұмыстар <b>негізінде</b> құрылған, оқу мекемесінің бағдарламасында қаралған <b>барлық</b> тапсырамалар <b>орындалған</b> , орындалған тапсырмалардың сапасының <b>көпшілігі</b> максимумға жақын балдармен бағаланған.
<b>B-</b>	« <b>Қанағаттанарлық жақсы</b> » - курстың теориялық мазмұны <b>толық</b> меңгерілген, меңгерілген материалдармен қажетті іс-тәжірибелік жұмыстар <b>жеткіліксіз</b> құрылған, оқу мекемесінің бағдарламасында қаралған <b>барлық</b> тапсырамалар <b>орындалған</b> , орындалған тапсырмалардың сапасының <b>бірде біреуі</b> максимумға жақын балдармен бағаланбаған, кейбір тапсырмалар <b>қателермен</b> орындалған.
<b>C+</b>	« <b>Қанағаттанарлық</b> » - курстың теориялық мазмұны <b>ара-арасынан</b> меңгерілген, бірақ <b>қалдырылған бос жерлер</b> маңызды емес, меңгерілген материалдармен қажетті іс-тәжірибелік жұмыстар <b>негізінде</b> құрылған, оқу мекемесінің бағдарламасында қаралған <b>көпшілік</b> тапсырамалар <b>орындалған</b> , орындалған тапсырмалардың сапасының <b>бірде біреуі</b> максимумға жақын балдармен бағаланбаған, кейбір орындалған тапсырмалар <b>қателермен</b> болуы мүмкін.
<b>C</b>	« <b>Орташа</b> » - курстың теориялық мазмұны <b>ара-арасынан</b> меңгерілген, <b>кейбір</b> іс-тәжірибелік жұмыстар құрылмаған, оқу мекемесінің бағдарламасында қаралған <b>көп</b> тапсырамалар <b>орындалмаған</b> , орындалған тапсырмалардың сапасы <b>минимумға</b> жақын балдармен бағаланған.
<b>D+</b>	« <b>Ескертпелі қанағаттанарлықсыз</b> » - курстың теориялық мазмұны <b>ара-арасынан</b> меңгерілген, <b>кейбір</b> іс-тәжірибелік жұмыстар <b>құрылмаған</b> , оқу мекемесінің бағдарламасында қаралған тапсырамалардың <b>көпшілігі орындалмаған</b> , орындалған тапсырмалардың сапасы <b>минимумға</b> жақын балдармен бағаланған; курстық материалдармен <b>қосымша өзіндік</b> жұмыстардан кейін оқу тапсырмасының орындалу сапасы <b>көтерілуі мүмкін</b> .

<b>F</b>	<p><b>«Ескертусіз қанағаттанарлықсыз»</b> - курстың теориялық мазмұны <b>меңгерілмеген</b>, іс-тәжірибелік жұмыстар <b>құрылмаған</b>, барлық <b>орындалған</b> оқу тапсырмалар қатаң <b>кателермен</b>, курстық материалдармен <b>қосымша өзіндік</b> жұмыстардан кейін оқу тапсырмасының орындалу <b>сапасының көтерілуіне көмектеспейді</b>.</p>
----------	---

- 2.2. Оқу жылының қорытындысы бойынша (қысқы, жазғы) тиісті GPA жинаған студенттер офис регистратордың орындауымен курстан-курсқа көшіріледі.
- 2.3. «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінде бекітілген курстан-курсқа көшіру GPA:
- 1 курстан 2 курсқа – 1,67;
  - 2 курстан 3 курсқа – + 2,0;
  - 3 курстан 4 курсқа – 2,0.

**3. Білім алушылардың (студенттердің) өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру**  
**Білім алушылардың өзіндік жұмысы (БӨЖ) (СӨЖ)** - бұл білім алушылардың дидактикалық тапсырмаларды, танымдық қызметін қалыптастыруға және ғылымның белгілі бір саласында білімін өз бетінше толықтыруға бағытталған оқу әрекетінің ерекше түрі. Білім алушылардың өзіндік жұмысы практикалық тапсырмаларды орындау, логикалық ойлауды дамыту, шығармашылық белсенділік, оқу материалын игеруде зерттеушілік тұрғыдан қарау сияқты мәселелермен байланысты.

БӨЖ және ОБӨЖ (оқытушылар басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысы) болып бөлінеді.

**БӨЖ**- болашақ мамандарды даярлау жүйесіндегі негізгі құрамдас бөлік. БӨЖ-ның мақсаты білім алушылардың өзіндік шығармашылық еңбекке деген дағдысын қалыптастыру, жауашыл құралдардың барлық арсеналын қолдана отырып кәсіби есептерді шығара білуге және өз білімін үздіксіз жетілдіруге деген қажеттілігін тудыру; жұмыс уақытын ұйымдастыру және жоспарлау тәжірибесін игеру және ой өрісін кеңейту.

БӨЖ жұмыс бағдарламасының негізгі бөлімдерін ескере отырып әр пән бойынша жасалады. БӨЖ-ді жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және талдау ғылыми мекемедегі оқу процесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Ол оқу жұмысының толыққанды және тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.

БӨЖ жүйесі инновациялық технологияларды қолдануға негізделуі тиіс. БӨЖ материалдарын ЦӘК-ның оқытушы - профессорлар құрамы жасауы тиіс. Оның құрамына төмендегідей құжаттар кіреді:

- 1). Алдын-ала пәнді зерттеуге арналған БӨЖ тақырыптары;
- 2). Типтік және жұмыс бағдарламасының негізгі бөлімдеріне сәйкестендірілген тапсырмалар жүйесі;
- 3). ЭССЕ, баяндама, проблемалық тақырыптар, аннотация және т.б. тақыптамалары;
- 4). Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі;
- 5). Кеңес беру, бақылау түрі;
- 6). Баға критериялары, жұмыстың ұсынылған көлемі, бағыттаушы;
- 7). Мерзім және оның көрсетілуі.

#### **Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған үлгі тапсырмалар**

1. Жазбаша жұмыс дайындау (ЭССЕ, баяндама, бақылау жұмысы)
2. Библиографиялық мәліметтерді өңдеу (картотека жасау), кітап, мақала, дәрілерге аннотация жасау;
3. Өзіндік аудио жасау (лингфон жүйесі бойынша)
4. Тапсырманы зерттеушілік –ізденушілік тұрғыда орындау (интернат және локальды жүйе)
5. Салыстырмалы кесте жасау;
6. Ғылыми әдістемелік әдебиеттерге тереңдетілген талдау жасау;

7. Семинарға қатысу: конспект, реферат дайындап тапсырмаларды орындау;
8. Тәжірибелік сабақтар: Әдістемелік нұсқауда көрсетілгендей нұсқауға сәйкес эксперимент өткізу, нәтижесін алу;
9. Ғылыми жоба дайындау және теориялық іздеулерді мақұлдау (ғылыми конференцияларда)
10. Бақылау және тәжірибе жүйесінде жиналған материалдар бойынша тапсырмалар орындау: альбом құрастыру, хаттама, модель, препараттар жасау және т.б.

Колледжінде **білім беру бағдарламалары Джон Хопкинс университетінің 6 қадамдық білім беру бағдарламасына негізделген:**

- 1) республика және регионның жалпы қажеттіліктерін бағалау;
- 2) білім алушылар мен білім беру ортасының қажеттілігін бағалау,
- 3) білім беру бағдарламасының аясында мақсат және міндеттер, оқытудың соңғы нәтижелерін анықтау,
- 4) білім беру стратегиясының мазмұнын, оқыту мен бағалау әдістерін анықтау,
- 5) білім беру бағдарламаларын енгізу,
- 6) білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау.

БББ мен жұмыс берушілердің ұсыныстарын негізге ала отырып **студенттерге 4 оқу траекториясы бойынша элективті пәндерін таңдауға мүмкіндік беріледі.** Олар:

**1) «Терапиядағы медбикелік іс траекториясы:** «Терапиялық ауруларды диагностикалау және емдеу хаттамалары», «Гериатриядағы медбикелік күтім ерекшеліктері», «Неврологиядағы медбикелік күтім ерекшеліктері», «Диспансерлік науқастарға медбикелік күтім ерекшеліктері».

**2) «Педиатриядағы медбикелік іс траекториясы:** «Балалар ауруларын диагностикалау және емдеу хаттамалары», «Балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра емдеу (БШАБЕ) бағдарламасы бойынша медбикелік күтім ерекшеліктері», «Жаңа туылған нәрестелерге медбикелік күтім ерекшеліктері».

**3) «Хирургиядағы медбикелік іс траекториясы:** «Хирургиялық ауруларды диагностикалау және емдеу хаттамалары», «Офтальмологиядағы медбикелік күтім ерекшеліктері», «Отриноларингологиядағы медбикелік күтім ерекшеліктері».

**4) «Реабилитология» траекториясы:** «Медициналық реабилитологиядағы массаж», «Клиникалық физиотерапия», «Емдік дене шынықтыру».

«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінің Педагогикалық стратегиясы бойынша оқыту тәсілдері дүние жүзі оқу орындарында **жоғары баға алған әдістемелер** арқылы жүргізіледі:

- Шағын топпен оқыту (SGL, small group learning);
- Кейске негізделген оқыту (CBL, case-based learning);
- Есептерге негізделген оқыту (TaskBL, task-based learning);
- Топта жұмыс істеуге негізделген оқыту (TBL, team-based learning)
- Проблемаға бейімдеп оқыту (PBL, problem-based learning)
- Симуляциялық оқыту;
- клиникалық базаларда клиникалық оқыту;
- құзіреттіліктерді меңгеруі бойынша тиімді кері байланыс
- кредиттік-модульдік оқыту;
- мәселелі-бағытталған оқыту және т.б. технологиялар

Студенттердің **білім мен машықтану деңгейлерін анықтауда** да алдыңғы қатардағы әдістемелері меңгерілген:

- MCQ (Multiple Choice Questions) – көп жауапты сұрақтар (тесттер)
- OE- (oral examination) ауызша емтихан

- SAQ (Short Answer Questions) – қысқа жауапты сұрақтар
- SC – (short case) ауызша жауабы бар қысқа кейс
- MSF 360<sup>0</sup> ( multisource feedback)- презентацияны бағалау
- OSCE (Objective Structured Clinical Examination) – Объективті Құрылымдық Клиникалық Емтихан
- SAS (Skills Assessment Station) – дағдыларды бағалау станциясы
- OR (Oral report) – презентация
- DOPS (direct observation on procedural) процедуралық дағдыны тікелей бақылау.

## **Колледжде жүргізілетін тәрбие жұмысының ЕРЕЖЕСІ**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1 Колледждегі тәрбие жұмысы білім беру процесі секілді колледж қызметіндегі негізгі бөлім болып есептеледі.

1.2 Студенттік Үкіметтің негізгі қызметі – студенттердің кәсіптік және әлеуметтік біліктілігін, белсенді азаматтық көзқарасын қалыптастыру үшін жағдай жасау, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда Отанымыздың дамуы мен нығаюына өз үлесін қосуға дайын болашақ медицина мамандарының тұлғалық қасиеттерін бойына сіңіріп тәрбиелеу.

### **2. Тәрбие жұмысының принциптері**

2.1. **Ізгілендіру принципі** студенттің жеке басын мойындауға; оның бірегейлігі мен өзгешелігін сыйлауға негізделген.

2.2. **Кәсіпке бағыттау принципі** – болашақ мамандардың кәсіптік қоғамдастықтың этикалық нормаларын меңгеруін, өзінің кәсіптік қызметінің нәтижелеріне деген жауапкершілікті қалыптастыруды, кәсіптік бейімділігін, дарынын, арнайы қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу мәселелерін ескереді.

2.3 **Тәрбиелеу арқылы оқыту принципі** – студенттерді тұлға ретінде дамыту, өзін-өзі қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуға деген оң мотивацияны қалыптастыру.

2.4 **Демократияландыру принципі** – тәрбие жұмысында субъектілердің теңдігін және әлеуметтік серіктестікті, студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің болуын, жұмыс істеуін және оның колледждің әкімшілік-басқарушы құрылымдарымен тиімді қарым-қатынас жасау механизмін қарастырады.

2.5 **Ынталандыру принципі** – студенттерді оқуда, ғылыми, шығармашылық, спорт, қоғамдық және басқа да қызмет түрлерінде көрсеткен жетістіктері үшін моральдық, материалдық тұрғыдан көтермелеуге негізделген.

### **3. Студенттер жатақханасының кеңесі**

3.1 Колледжде білім алушылардың тұрмыстық жағдайын, білім алу үшін қажетті жағдайды, демалысына және спортпен айналысуын ұйымдастыру үшін жатақхананың Студенттер кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) жұмыс істейді. Кеңес «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі жатақхана тұрғындары үшін үйлестіруші орган болып саналады.

3.2 Кеңес ҚР «Білім туралы» Заңына, ТКМК-нің Ішкі тәртіп ережесіне, колледждің студенттік жатақханаларында тұру ережесіне, колледждің басқа да нормативтік актілеріне сәйкес өз жұмысын жүргізеді.

3.3 Кеңес колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінің алдында жатақхана студенттерінің мүдделері мен құқықтарын қорғайды.

## **Материалдық және ақпараттық құралдарды пайдалану ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### **1. Кітапхана**

1.1. Кітапхана бас оқу корпусының 2-ші қабатында орналасқан, онда: оқу әдебиеті абонементі және электрондық оқу залы, сонымен бірге жатақханада жататын студенттер үшін жатақханада орналасқан оқу залы бар.

1.2 Кітапхана иелігінде оқулық, оқу-әдістемелік құрал, газеттер, журналдар, ғылыми –медициналық әдебиеттер, әдеби кітаптар, сонымен қатар, электронды оқулықтар мен материалдары бар және оларды уақытша қолдануға беріледі. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, әдебиеттерді қолға беру абонементте жүргізіледі. Соңғы немесе бір дана кітап қолға берілмейді.

1.3. Кітапханаға оқырмандарды тіркеу колледжге қатысы бар екендігін куәландыратын құжат (оқу бөлімінің берген тізіміне сәйкес) бойынша оқырман билеті



беріледі және оқырман формуляры толтырылады. Ол үшін – студент билеті, жеке куәлігінің көшірмесі, 2 дана 3x4 фотосуреті керек. Кітапханаға тіркелгенде оқырмандар кітапханада жұмыс жасау ережесімен танысады.

1.4. Әдебиеттерді алу үшін алдымен оқырман билетін көрсетуге және кітапты алғаны үшін оқырман формулярының әрбір басылымына қол қоюға, алған әдебиеттерді белгіленген уақытта қайтаруға міндетті.

1.5. Кітапты жоғалтқан немесе бүлдірген жауапты оқырмандар дәл сондай кітаппен немесе мазмұндық жағынан сол кітапқа ұқсас кітаппен орнын толықтырады немесе жоғалған кітаптың құнын колледж әкімшілігі белгілеген мөлшерде төлейді.

1.6. Студенттер колледжді бітіргенде немесе оқудан шығарылғанда, кету парағына кітапхана қызметкері қол қояды.

## **2. Электронды оқу залы**

2.1. Колледждің электронды оқу залы № 205-ші аудиторияда орналасқан. Оқырмандар залында кітаптарды беру оқырман билеті арқылы жүргізіледі. Оқу залының кітаптары үйге берілмейді.

2.2. Электронды оқу залы интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталған, Интернетті қолдану тегін. Колледждің және жатақханадағы оқу залында қолдануға ыңғайлы сымсыз Wi-Fi жүйесі орнатылған.

2.3. Оқырман:

- Оқырман ақпарат көздерін таңдау мен іздестіруде кеңестік көмек алуға,
- Ғаламтор қызметін және басқа да ақпараттарды, сондай-ақ жыл сайын кітапханада жазылған отандық басылымдарды пайдалануға;

- Қ.А. Яссауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің алдыңғы қатарлы «Thomson Reuters», Elsevier», «Springer» сияқты әлемдік электронды платформалар мен халықаралық білім беру ресурстарының базасын қолдануларына;

- әр семестрге бөлініп сақталған оқу құрал материалдары басылған электронды компакт дискті пайдалануға;

- барлық пәндерден бағдарлама бойынша және қосымша материалдар енгізілген электронды кітап «Pocketbook» қолдануға құқығы бар.

2.4. Оқу залына сыртқы киіммен және сөмкемен кіруге, тыныштықты және тәртіпті бұзуға, кітапханалық басылымдарды бүлдіруге (оларға белгі түсіруге, шимайлауға, беттерін жұлуға, мұқабаларын майыстыруға және т.б.), кітапханадан қол қоймастан бұрын кітаптарды алып шығуға, картотекалар мен каталогтардан карточкаларды алуға, ұялы телефон қолдануға рұқсат етілмейді.

2.5. Осы көрсетілген ереже орындалмаған жағдайда кітапхана әкімшілігі тарапынан оқырманға қызмет көрсетілу тоқтатылады.

## **Колледждің сайты**

«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі білім бағдарламаларын қоса алғандағы қызмет бағыттары жөнінде ақпарат ұсынады. Қызығушылық танытқандар үшін колледж қызметі, көрсетілетін білім беру қызметтері жөніндегі ақпараттың қолжетімді болуы үшін колледждің сайты <https://tkmk.edu.kz/> құрылған. Колледж сайты интернет желісіндегі колледждің негізгі ақпарат көзі болып табылады.

Сайт қазақ тілінде жүргізіледі, онда ең алдымен Түркістан шахары жайлы мәлімет және колледждің Миссиясы, Саясаты, Стратегиялық мақсаттары, талапкерлерді қабылдау ережелері, әкімшілік, студенттік өмір, ғылыми-әдістемелік орталық туралы ақпараттар жарияланған. «Негізгі бет» бөлімінде өткізілген іс-шаралар, студенттердің, оқытушылардың жеке жетістіктері туралы және жалпы колледж тіршілігі туралы білуге болады.

Колледж өмірімен танысқысы келгендер үшін сайтта ұсынылған ақпарат шынайы, өзекті және қолжетімді, пайдалы болып табылады.

### **Көшіріп-көбейту қызметтері (Дизайн студия)**

Ксерокөшірме аппараттары бас корпусының 1-қабатында «Дизайн студияда» орталығында орналасқан. Жауапты маман: Баратов Аброр Бахтиярұлы. тел: 87022373989

### **Спорт базасы**

Колледждегі студент жастар арасында салауатты өмір салтын және спортты насихаттау мақсатында «Спорт клубы» жұмыс істейді. Студенттер әр түрлі секция ішінен қалаған спорт түрін таңдай алады: волейбол, баскетбол, шахмат, тоғызқұмалақ, қол күрес, үстел теннисі және тағы басқа түрлері.

Спортпен белсенді түрде шұғылданатын студенттер оқу жылы ішінде колледж есебінен басқа қалаларға жарысқа бара алады.

### **Мәдени-ойын-сауық базасы**

Студенттер өздерінің қызығушылықтарына сай үйірмелер және клубтарды таңдайды. Факультативтер мен үйірмелерге және клубтарға қатысатын студенттер өздерінің шығармашылық қабілеттерін қалалық, облыстық, республикалық конкурстарда, спорттық жарыстарда дәлелдейді. Колледжде 10 пәндік үйірме жұмыс істейді.

1. №1 ЦӘБ «Ұлы даланың кемеңгерлері» Қыдыралиева Жазира
2. №2 ЦӘБ «Зерде» Шәмші Ғазиза.
3. №3 ЦӘБ «Генезис» Оразбекова К.
4. №3 ЦӘБ «Жас химик» Искакова А
5. №4 ЦӘБ «Жан дауа» Теріскенбаева Б.
6. №6 ЦӘБ «Жедел жәрдем» Нарметова Насиба
7. №7 ЦӘБ «Шипалы қолдар» Нағашбеков Ерлан
8. №8 ЦӘБ «Мейірім» Абдужаппарова А
9. №8 ЦӘБ «Қуан сәби» Сандыбаева Анар
10. №9 ЦӘБ «Аялы алақан» Аликулова Ж., Махмудова Н.

Үйірмелер білім алушылардың қызығушылықтарына қарай топтастырылады.

Үйірме жұмыстарына қатысу студенттердің ғылыми іздену жұмыстарына жол ашып, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулиды, білімдерін тереңдетіп, жан-жақты дамуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, колледжде::

- «Көлеңкелер театры»
- «Семсер», «Қуыршақтар» КТК командасы;
- Спорт үйірмелері;
- «Ақ қауырсын»- жас ақындар үйірмесі
- Студенттерден құралған телеарна жұмыс істейді.

Телеарна құрамына:

Жүргізуші – Шәріп Айдана, Абубакирова Зағира

Корреспондент – Маут Ақбота

Оператор – Баратов Аброр

Бейнеинженер – Баратов Аброр

**ТКМК-нің оқу корпустары мына мекенжайларда орналасқан:**

Абылай хан №108

Колледжге № 2, 4. 4А. 8, 1, 1А маршруттарымен жетуге болады.

(темір жол вокзалы аялдамасы)

## ТІЛЕК

### *Құрметті студент!*

«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінде алған білімің, машықтарың және іскерлігің болашақта сенің жұмысыңда және мансабына көмектеседі. Сен де өз еліңнің беделін асыра бер!

Уақытты бос жібермей, қажымай білім ал, үйрен, машықтан. Сен жоғары дәрежелі маман болу үшін тек жақсы оқып қана қоймай, колледждің ғылыми және қоғамдық өміріне белсене араласуың керек.

***Бұл күрделі, бірақ өте пайдалы жол!***